



Сын есімнің  
сөйлемдегі  
қызметі

# Сын есімнің сөйлемдегі анықтауыш қызметі

Сын есім негізінен сөйлемде

**анықтауыштық қызметін** атқарады. Өйткені сын есім заттың әр түрлі сипатын, сапалық, қатыстық белгілерін білдіреді.

Мысалы : Сұр бұлт түсі суық қаптайды аспан (Абай Құнанбаев) деген сөйлемде сұр және (түсі) суық деген сын есімдер (қандай?) бұлт деген зат есімді анықтап тұр.

Сын есім ілік септікте тұрып, заттанып келіп анықтауыш болады.

Мысалы: Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын (мақал) дегенде жақсының (яғни жақсы адамның) кімнің? деген сұраққа жауап беріп, анықтауыш болып тұр.

# Сын есімнің сөйлемдегі баяндауыш қызметі

Сын есім жіктік тұлғада тұрып сөйлемнің **баяндауышы** да болады.

Мысалы: Сен бір артық көркемсің.

(Жамбыл) Әлсіз адам сүріншек. (мақал)

Бұл сөйлемдерде көркемсің (2 жак),  
сүріншек (3 жак) сөздері жіктік тұлғада  
баяндауш қызметін атқарып тұр.

# Сын есімнің сөйлемдегі пысықтауыш қызметі



Сын есім сөйлемде етістіктің алдында тұрып, қимыл, іс-әрекеттің сынын білдіріп, *қалай?* деген сұраққа жауап беріп, **пысықтауыш та болады.**

Мысалы: өлең мен сөзді желдей құйындатқан.  
(Жамбыл) Гүлнәр бөлмесін таза ұстайды. (қалай ұстайды?) деген сөйлемдердегі желдей, таза деген сын есімдер пысықтауыш қызметін атқарып тұр.

# Сын есімнің заттануы

- Сын есім әдетте көптелмейді, тәуелденбейді, септелмейді. Егер сын есімге көптік, я тәуелдік, я септік жалғауы жалғанса, онда сын есім зат есімнің орныны жүреді. Сын есім сөйлемде осылай зат есімнің орнына жұмсалып, зат есімнің қызметінің атқаруын **сын есімнің заттануы** дейді.
- Мысалы: Жақсыдан шарапат, жаманнан кесапат (мақал) деген сөйлемде жақсыдан, жаманнан деген сын есімдер шығыс септік жалғауында тұрып, зат есімнің орнына заттанып қолданылған.
- Заттанған сын есім атау септікте тұрып бастауыш болады.

# Сын есімнің сөйлемдегі толықтауыш қызметі



- Сын есім табыс, барыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктерінде келіп, заттанып, **толықтауыш** та болады.
- Мысалы: білімдіден шыққан сөз талаптыға болсын кез (Абай)

Назар аударғаныңыз үшін  
рахмет!!!



ДАЙНДАҒАН : СҮЛЕЙМЕН ЖАНАСЫЛ